



2 бет



ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕР ЗАМАНАУИ ТЕХНИКАМЕН ТАНЫСТЫ

ТМД-ға мүше мемлекеттердің Ішкі істер министрлері бастаған делегация Түркістан облысы ПД Жедел басқару орталығына барды. Қазақстанның Ішкі істер министрі Ержан Саденов қонақтарды азаматтардың құқықтық тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, полиция қызметкерлерінің жұмысында қолданылатын заманауи технологиялармен таныстырды.

6 бет



ПОЛИГОНДАҒЫ «ПОГОНДЫ ЖУРНАЛИСТ»

Полицейлердің білек күші мен нысананы дәлдеу дағдысына, шабуылға төтеп бере алатын азаматтық қорғанысына Арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасы жауапты. «Погонды журналист» жобасы аясында дәл осы қызмет түрінің аға инспекторы ретінде елордалық сақшыларды қалай сынаққа дайындап, олардан қалай сынақ қабылдап жатқанына көз жүгіртіп қайттық.

8 бет



ШЫМКЕНТТЕГІ ШЫРАЙЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Жақында ҚР Ішкі істер министрлігі мен ҚР Ұлттық ұланының ақпараттық насихаттау тобы Шымкентке жұмыс сапарымен барды.



ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТАНЫМАЛ ТӨРТЕУ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің төрт қызметкері әлемнің танымал полицей әйелдерінің қатарына кірді және олар ІWPC халықаралық конференциясында еліміздің атынан өкілдік етеді.

ҚР ІІМ өкілдері Жаңа Зеландияның Окленд қаласында 17-21 қыркүйек аралығында өтетін «Полициядағы әйелдер» 60-халықаралық конференциясына («International Women in Policing Conference») қатысып жатыр. Айта кетейік, жыл сайынғы оқу конференциясына әлемнің 75 елінен 800-ден астам әйел полицей қатысады. Бұл конференция әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге, гендерлік теңдікке және олардың халықаралық көшбасшылығына арналған. Іс-шара ұлттар шеруінен кейін халықаралық көшбасшылығына арналған. Іс-шара ұлттар шеруінен кейін халықаралық көшбасшылығына арналған.

Делегация құрамына Кадр саясаты департаменті бастығының орынбасары Амина Алмағамбетова, ӘПК ұйымдастыру-талдау жұмысы және бақылау басқармасының бастығы Құралай Карина, ӘПК ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Лейла Әліпбаева және ІІМ Алматы академиясы бастығының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары Жанат Дильбарханова кірді.

Лейла Әліпбаева – ҚР ӘПК ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы. Қостанай қаласының тұрғыны. Еңбек жолын 1995 жылы Алматы қаласы Полиция департаменті М.Әуезов ауданының көмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы болып бастаған. Екі мәрте көмелетке толмағандардың істері жөніндегі еңбегі үшін Ішкі істер органының ардагері дәрежесі берілді. 2020 жылдан бастап ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің Ювеналды полиция басқармасында жұмыс істейді. ПД бастығының, Ішкі істер министрінің бұйрығымен бірнеше рет көтермеленген. «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалінің иегері. Бүгінде қазіргі таңдағы маңызды мәселелердің бірі – балалардың құқықтарын қорғау саласындағы жұмысын одан әрі жандандыруды мақсат етеді.

Конференцияда Жаңа Зеландия, Индонезия, Ұлыбритания, Украина және басқа елдердің полиция өкілдері әйелдер мен балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету, гендерлік теңсіздік бойынша тәжірибелерімен бөлісті. Жалпы, конференция әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге, гендерлік теңдікке және олардың халықаралық көшбасшылығына арналған. Әлемдік деңгейдегі басқосу аясында тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері әлі де қозғалды.

Лейла Әліпбаеваның халықаралық конференцияға қатысуы үшін ұзақ жылғы жұмыс тәжірибесі мен саладағы жетістіктері ескерілген. – Бұл конференция басқа елдердің құқық қорғау жүйесіндегі әйелдердің рөлі мен жағдайы туралы кеңінен танысуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ полиция қызметіне мәдениеттің, ұлттық салт-дәстүрдің, кәсіби білім және дағдылардың қаншалықты әсері барын бағамдауға, талдауға жол ашты, – деді Лейла Аманбайқызы.

28 жылға жуық тәжірибесі бар полиция полковнигі жұмысына берілген. Жасөспірімдер мен балалардың құқығы тапталмас үшін ұзақ жылдан бері осы бағыттағы кедергілермен күресіп келеді. ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары **Жанат Рақым-**

жанқызы Дильбарханова – қазіргі таңда Жаңа Зеландияда өтіп жатқан International Women in Policing 2023 жыл сайынғы әлемдік конференциясының құрметті қатысушысы. Заң ғылымдарының докторы, профессор. Халықаралық конференция бүкіл әлемнен осы мәртебелі мамандықтың көшбасшы әйелдерін жинады.

Сақшы әйелдердің халықаралық конференциясы – құқық қорғау органдары құрылымында басшы әйелдер арасында тәжірибемен, білім және идеялармен алмасуға арналған құқық қорғау саласындағы әлем бойынша беделді іс-шара.

Полиция полковнигі Жанат Дильбарханова ІІМ Алматы академиясының ғана намысын емес, жалпы еліміздің полициясының беделін көрсетуде. Ол ғылым мен құқық қорғау салаларындағы мол тәжірибе мен ғылыми жетістіктерге қол жеткізген.

Жанат Рақымжанқызы ауқымды конференцияда құқық қорғау органдарындағы әйелдердің рөлі, гендерлік теңдік, басқару мен көшбасшылық мәселелеріне белсенді араласу, кәсіби өсу мен мансапты дамыту, адам құқықтарын қорғау мен отбасылық зорлық-зомбылық тақырыптары қамтылғанын айтты.

ҚР ІІМ Алматы академиясында басқарушы құрамының басым бөлігін әйелдер құрайтынын айтып өткен жөн. Бұл оқу мекемесінің құқық қорғау қызметінде ер адамдармен қатар әйелдердің де тең жағдайда қызмет жасауға, барлық қызметкерлер үшін мансаптық өсу мен көшбасшылық етуді қолдайтынын көрсетеді.

Әлемдік деңгейдегі конференцияға қатысқан полковник спортты серік еткен. Таң шаңғысы спортымен айналысады. Кёрлингтен Қазақстан құрамасының қатарында әлемдік деңгейдегі додаларға қатысады.

Бүгінде полиция қатарындағы

әйелдер Ішкі істер органы саласында өздеріне жүктелген міндеттерді лайықты атқарып келеді. Погонды аруларымыздың лайықты қызметі еленіп, үлкен жетістіктерге жетуде.

Құралай Карина – Ақмола облысының тұрғыны. Ішкі істер саласындағы еңбек жолын 1997 жылы жасөспірімдермен жұмыс жасаудан бастаған. Ол жасөспірімдерге қиын жағдайларда көмектесіп, әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесінде нәтижелі еңбек етіп келеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы аналитикалық бөліністермен жұмыс жасауда үлкен жетістіктерге жеткен. Әр жылдары басшылық лауазымда болып, көптеген қызметкерге үлгі бола білді.

ҚР ІІМ ӘПК ұйымдастыру-талдау жұмысы және бақылау басқармасының бастығы Құралай Карина полиция полковнигі. Өз ісіне қашан да адал Құралай Карина:

– Өз қызметімді жақсы көремін. Жұмыста шұғыл сұрақтар туып, отбасыма қоңырау соғуға уақыт болмайтын кездерім көп болады. Конференцияда өте маңызды мәселелер қаралуда. Әйелдерге және балаларға зорлық – зомбылықпен қарсы күресуге аса мән берілді. Сонымен бірге профилактикалық-түсіндіру жұмысын өткізу, полиция саласындағы гендерлік сұрақтар туралы, қызметкерлер арасында эмоционалдық жұмыс жүргізу, терроризмге қарсы тұру секілді маңызды тақырыптар қозғалды. Саладағы әйелдердің көшбасшылық қызметі де аталып өтті. Біз әрбір қатысқан сессияда сұрақтарымызды қойып, өзімізге қажетті жауап алдық, – деді іс-шарадағы көтерілген негізгі мәселелер туралы.

Қатаң тәртіпте қайыспай қызметтің алғы шебінде жүрген әйелдерге қандай мақтау айтсақ та жарасар. Қызмет пен отбасы жауапкершілігін қатар алған әйел полиция қызметкерлерінің ішкі істер саласындағы орны арқашан бөлек. Осы сөзімізге дәлел болған полиция полковнигі Құралай Карина:

ЖЕТІ КҮН

ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Көлік полицейлері ел Президентінің Жолдауы аясында алда атқарылар жұмыстарды талқылады.

Көліктегі полиция департаментінде ҚР Президентінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмаларды орындау аясында алдағы атқарылатын жұмыстар талқыланды. Оған Астана қаласы мәслихатының депутаттары, департаменттің басшылығы мен жеке құрамы, сондай-ақ онлайн режимге қосылған Желілік бөлімшелердің қызметкерлері қатысты.

Кездесуді ашқан департамент бастығы Бақытжан Малыбаев жи-

налғандарға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың аталған стратегиялық құжатта ішкі істер органдарының алдында қойған басым міндеттерін жеткізді. Отырыс барысында Астана қаласы мәслихатының депутаты Талғат Ерғалиев Жолдаудың басты талаптарына тоқталды.

Аманат партиясы төрағасының кеңесшісі Шыңғыс Қожахметов полицейлердің заңға және Қазақстан халқына адал қызмет ететініне сенім білдірді.

ЖЕКЕ ҚҰРАМҒА ТҮСІНДІРДІ

Павлодар облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Данияр Бектің төрағалығымен Ертіс және Ақтоғай аудандары Полиция бөлімінің мәжіліс залында жеке құрамға арналған жиналыс өтті.

Жиналысқа Ертіс ауданы әкімінің орынбасары Нығман Жүсіпов және ІЮ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Рамазан Жаналин, Ақтоғай ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Дархан Рамазанов қатысты. Іс-шараның басты мақсаты – Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған негізгі бағыттары мен бастамаларын жеке құрамға түсіндіру. Айта кетейік, мұн-

дай кездесулерді барлық қалалық басқармалар мен аудандық Полиция бөлімдерінде өткізу жоспарланып отыр.

Жиналыста Данияр Бек Жолдауда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендер мен интернет-алаяқтықты анықтау жөніндегі қызметті күшейтуді, сондай-ақ нашақорлыққа қарсы күресті арттыруды тапсырғанын атап өтті.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Бүгінде ішкі істер органдары балалар мен әйелдердің құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ерекше назар аударады. Осыған байланысты ҚР ІІМ Дағдарыс орталықтарында жан-жақты құқықтық және психологиялық көмек көрсету бастамасымен отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру бойынша шара қабылдап жатыр.

Абай облысы ПД бастығының орынбасары Елдос Закимов Семей қаласының Дағдарыс орталығына барып, тұрмыс жағдайларымен танысты. Ол Абай облысында әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қылмыстарды тергеуге маманданған 13 әйел тергеуші бар екенін және жәбірленуші балалар мен зорлық-зомбылық құрбандары әйел тергеушілерге сенім

артып, қылмыстың мән-жайын ашудан тартынбайтынын тілге тиек етті.

Осы жұмысты жүйелі және тиімді орындау мақсатында «Әріптестік – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу құралы ретінде» ұранымен Полиция департаменті мен Абай облысының әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Қызылорда облысының Полиция департаментінде «Ашық есік» күні өтті. Аталмыш шараға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері мен мектеп оқушылары қатысты.

Жастар Жедел басқару орталығына барып, Полиция департаментінің музейін аралады. Департамент тарихы, мәдениеті, спорт саласындағы жетістіктері, қызметтік міндеттерін өтеу барысында қайтыс болған қызметкерлердің, ішкі істер органдары ардагерлерінің өмірінен сыр шертетін экспонаттармен, фотостендтермен, құнды кітаптармен танысты. Сондай-ақ Кинологиялық орталық қызметкерлерінің әдіс-тәсілдерін тамашалады.

Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Амиржан Утегенов осын-

дай танымды шара студенттер мен оқушыларға тәртіп сақшыларының күнделікті қиын да қызық жұмысын жақынырақ тануға мүмкіндік бергенін айтты.

Бұдан кейін студенттер мен оқушылар құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды анықтайтын бейнекамералар орналасқан Жедел басқару орталығының ғимаратына барды. Қала өмірін, тыныс-тіршілігін көгілдір экраннан көрген жасөспірімдер таңданыстарын білдірді. Аталмыш акция 22 қыркүйекке дейін жалғасады.

ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕР ЗАМАНАУИ ТЕХНИКАМЕН ТАНЫСТЫ



ТМД-ға мүше мемлекеттердің ішкі істер министрлері бастаған делегация Түркістан облысы Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына барды. Қазақстанның Ішкі істер министрі Ержан Саденов қонақтарды азаматтардың құқықтық тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау үшін полиция қызметкерлерінің жұмысында қолданылатын заманауи технологиялармен таныстырды.

Бүгінгі таңда ІІМ республика қалаларының көшелері мен қоғамдық орындарды бейнебақылау жүйесі арқылы қадағалайды. Жедел басқару орталықтарына және Полицияның кезекші бөлімдеріне 217 мың бейнекамера қосылған. Жыл басынан бері олардың көмегімен 6,5 мың қылмыс ашылып, 3,5 млн жол жүрісі қағидаларын бұзу дерегі анықталды.

Сонымен қатар шетелдік әріптестерге мектептерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыстар көрсетілді. Елімізде Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері де бейнебақылау жүйесімен қамтылған. Оларда жеке басты тану, тыйым салынған аймақтарға кіру-

ді хабарлау және камера объективі жабылған кезде дыбыс беру тетігі бар. Ондағы бейнелер ҚАЖК-нің ахуалдық орталығына, Жедел басқару орталықтарына және прокуратура органдарына қолжетімді.

Сондай-ақ полицияға жол жүрісі қағидаларын бұзушыларды анықтауға көмектесетін «Қорғау» бағдарламасының ерекшеліктері, көлік ағынын талдайтын және оның көрсеткіштерін қалалық жол карталарына шығаратын «ТС» жүйесі туралы айтылды. Жол қозғалысы және көші-қон саласында халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы туралы баяндалды. Қонақтар смартжетондардың,

102 мобильді қосымшасының және қоғамдық орындарда орнатылған дабыл түймелерінің жұмысын жоғары бағалады.

Тәртіп сақшылары үшін цифрландыру арқылы қылмыстардың жолын кесу, анықтау және ашу кезіндегі жеделдік маңызды. «Бағдарламалық өнімдерді» пайдалану арқылы полиция қызметтерінің мүмкіндіктері кеңейеді. Цифрландыру ішкі кадрлық процестерге де оң өзгеріс алып келді. Осының арқасында полиция қызметкерлері қағазбастылықтан арылып, тек өздерінің негізгі міндеттеріне көңіл бөледі.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК

АНЫҚТАУШЫЛАРҒА АЛҒЫС

Ішкі істер органында біліктілік пен төзімділікті аса қажет ететін анықтаушылардың қызметі күрделі. Осыдан 32 жыл бұрын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен ішкі істер органдарында 6 қыркүйек – Қазақстан Республикасының Анықтау қызметі күні болып белгіленген. Осы атаулы күнге байланысты Астана қаласы Полиция департаменті Байқоңыр ауданы Полиция басқармасында анықтаушылар мен олардың ата-аналарына арнайы алғысхаттар табысталды.



Шараға Байқоңыр ауданы ПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Елдос Махамбетов басқармадағы анықтаушыларды кәсіби мерекесімен құттықтады. Қызметте абыройлы еңбек еткен анықтаушылардың ата-аналарына шараға қатысқаны үшін алғыс айты. Анықтау бөлімінің анықтаушылары Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімінің міндетін атқарушы Досхан Тұяқпаев атынан алғысхатпен марапатталды. Солардың қатарында:

Астана қаласы ПД Байқоңыр ауданы ПБ Анықтау бөлімінің анықтаушысы, полиция лейтенанты Крымгереев Рүстем Болатұлы;

Астана қаласы ПД Байқоңыр ауданы ПБ Анықтау бөлімінің анықтаушысы, полиция аға лейтенанты

Тлеуғабылова Дарья Сәрсембайқызы; Астана қаласы ПД Байқоңыр ауданы ПБ Анықтау бөлімінің анықтаушысы, полиция майоры Қадырова Ардақ Серікқызы;

Астана қаласы ПД Байқоңыр ауданы ПБ Анықтау бөлімінің анықтаушысы, полиция капитаны Исенова Жанна Төлегенқызы бар.

Сондай-ақ Астана қаласы ПД Байқоңыр ауданы ПБ бастығы Марат Әбіровтің атынан алғысхат Анықтау бөлімінің полиция майоры Эльмира Құрманғалиқызына, аға лейтенанттар Гүлнұр Абайқызы мен Заманбек Бекбергелулына және полиция лейтенанты Гүлназ Мұратқызына табыс етілді.

Одан бөлек Байқоңыр ауданы ПБ бастығының арнайы алғысха-

ты қызметте үздік деп танылған анықтаушы Жадыра Садықованың ата-анасы Қалпас Садықов пен Ақжарқын Садықоваға, Анықтау бөлімінің анықтаушысы Ертұрғын Берікбайдың анасы Айымжан Берікбаеваға берілді. Ұлының ішкі істер саласындағы қызметін мақтан тұтқан Айымжан Берікбаева басқарма басшылығына ризашылығын жеткізді.

– Ұлымның кәсіби мерекесінде арнайы шақырып, алғысхат беріп жатқан басқарма басшылығына алғысымды білдіремін. Елге қызмет ету жолында бәріне тек сәттілік тілеймін, – деді ол қуанып тұрып.

Байқоңыр ауданы әкімдігінен алғысхат алған Астана қаласы ПД Байқоңыр ауданы ПБ Анықтау бөлімінің анықтаушысы, полиция майоры Айгерім Жақыпбайқызы:

– Байқоңыр ПБ-да 2008 жылдан бері еңбек етіп келемін. Анықтау бөлімінде 2022 жылдың басынан бері жұмыс істеймін. Қызметіміз бағаланып, еңбегіміз еленіп, марапатталып жатқанымызға өте ризамын. Анықтаушы болу оңай емес. Төзімділікті талап етеді. Сондықтан халыққа қызмет ету жолында басқа да әріптестеріме жетістіктер тілеймін. Елге арқашан қызмет етуге дайынбыз, – деді.

Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Суретті түсірген
Медет ӘШІРБЕКОВ

«КАНАЛ - ПЕРЕХВАТ» ОПЕРАЦИЯСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Қазақстанда ҰҚШҰ-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық есірткіге қарсы операциясы аяқталды.

«Канал-Перехват» Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының халықаралық есірткіге қарсы операциясының кезекті кезеңінің қорытындысы шығарылды.

Арнайы операция ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің қатысуымен Алматы қаласында ОАӨАОО алаңында Халықаралық үйлестіру штабын орналастыра отырып өткізілді.

«Канал-Перехват» операциясының негізгі міндеттері – жаңа психоактивті заттардың түсу арналарының жолын кесу, Ауғанстаннан опиааттар контрабандасына қарсы

раны заңсыз өсіруге қарсы іс-қимыл кіреді.

Байқаушылар ретінде Иран құқық қорғау күштерінің, Қытайдың қоғамдық қауіпсіздік министрлігінің, БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының, ШЫҰ-ның Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының, қылмыстық кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразия-



ғызстан, Ресей және Тәжікстанның құзыретті органдарының басшылары қатысты.

Өз сөзінде Ішкі істер министрінің орынбасары Қайрат Сәнтаев атап өткендей, арнайы операция трансұлттық байланысы бар тұрақты қылмыстық топтармен күрес жөніндегі негізгі іс-шаралардың бірі болып табылады. Мұндай бірлескен оқу-жаттығулар өз мемлекеттерінің аумақтары арқылы есірткі ағындарын анықтау мен жолын кесуде әртүрлі елдердің есірткі күресушілерінің тактикалық өзара іс-қимылын

пысықтауға көмектеседі. Арнайы операция нәтижесінде ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің аумағында 900-ден астам есірткі қылмысы анықталды,

жабу үшін бірлескен мобильді топтар құрылды.

Қазақстанның құқық қорғау және арнаулы органдарымен



іс-қимыл кезінде әріптес елдердің өзара іс-қимылын пысықтау, трансұлттық есірткі топтары қызметінің жолын кесу, қару мен оқ-дәрілерді заңсыз айналымнан тәркілеу. Біздің еліміздің мүдделерін ескере отырып, операцияның міндеттеріне Жамбыл облысында жабайы қарасора жинауға және оңтүстік өңірлерде қарасо-

лық топтың, ОАӨАОО және басқа да халықаралық ұйымдардың өкілдері сөз сөйледі.

Сондай-ақ Кеңеске Ұйымның бас хатшысының орынбасары Валерий Семериков, ҰҚШҰ Үйлестіру кеңесінің төрағасы – Ресей Ішкі істер министрінің орынбасары Андрей Храпов, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қыр-

2,5 тонна есірткі тәркіленді, оның ішінде 19,5 келі героин, 856 келі апиын, 560 келі гашиш, 240 келі марихуана және 248 келі синтетика бар. 2800-ге жуық оқ-дәрі мен 48 қару табылып, тәркіленді. Бес есірткі зертханасы таратылды. 561 адам жауапкершілікке тартылды.

Қазақстан аумағында операцияға Ұлттық ұланның тікұшақ техникасы, пилотсыз ұшу аппараттары және жүріп өту мүмкіндігі жоғары автокөлік жұмылдырылды. Есірткіні тасымалдау жолдары мен арналарын

94 қылмыстық іс қозғалды, оның ішінде 17-сі контрабанда бойынша. Заңсыз айналымнан 455 келі түрлі есірткі, оның ішінде 53 грамм героин, 173 келі марихуана, 2,2 келі гашиш, 18 келі синтетика тәркіленді. Үш есірткі зертханасы жойылды. 147 адам жауапкершілікке тартылды.

Қорытындылау кезінде барлық қатысушылар «Канал-Перехват» операциясының ұйымдастырылуына жоғары баға берді.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК

Жалғасы. Басы 1-бетте

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТАНЫМАЛ ТӨРТЕУ

– Біздің әйел қызметкерлеріміздің әрбіреуі өз саласының кәсіби білгірі. Ерлермен бірге қызмет атқарып жүрген әйел әріптестерімді мақтан тұтамын. Менің ойымша, полиция саласындағы ханымдар мәдениетті, білімді, байсалды. – дейді.

Отбасы – шағын мемлекет. Әр әйелдің жанында қолдау көрсететін жанашыр ер-қорғаны болғанға не жетсін! Құралайдың жұбайы да полиция әулетінен шыққан ішкі істер органының құрметті ардагері. Көп жылдар Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы лауазымында қызмет еткен. Қос аяулы қыздарын тәрбиелеп отырған ата-ана.

Еңбегі еленіп, мерейі үстем болды. Құралай Карина «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен марапатталып, ширек ғасыр қызмет атқарғаны үшін Ішкі істер органы ардагері дәрежесі берілген.

Делегация құрамында ИМ Кадр саясаты департаменті бастығының орынбасары **Амина Алмағамбетова** да бар. Қарағанды облысының тұмасы Амина Алмағамбетова ішкі істер органдарындағы еңбек жолын 1999 жылы бастаған. 2010 жылдан бастап Кадр департаментінде түрлі лауазымдарда қызмет атқарған. Амина Алмағамбетованың «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған Жол картасын» жүзеге асырудағы жетістігін айтып өткен жөн. ҚазРМА-2022 Ұлттық байқауында Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік органның үздік жобалық кеңсесі ретінде танылуында да өз үлесі бар. Ішкі істер саласында жұмыс істеген 24 жыл ішінде басшылық лауазымдарды атқарды және «Үздік қызметі үшін» наградасына ие болды.

Амина Алмағамбетова полиция отбасынан шыққан. Ішкі істер саласының аса жауапты екенін бала кезінен көріп-біліп өскен.



– Отбасым – менің тірегім. Әкем Тергеу басқармасы бастығының орынбасары қызметінен зейнеткерлікке шықты. Әкем де Қылмыстық-атқару жүйесінің құрметті зейнеткері. Анам бала кезімізден әкемнің еңбегін құрметтеуге баулып өсірді. Қызым да менің жұмысыма түсіністікпен қарайды, – дейді Амина Алмағамбетова.

– Халықаралық конференцияның ұйымдастыру деңгейі өте жоғары. Конференцияда әркім өзін қызықтыратын сессияны таңдай алады. Күн сайын әртүрлі елдерден 10-нан астам спикер сахнаға шығады. Біздің делегацияны Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің INL кеңсесі қолдады, – деп алған

әсерімен бөлісті. Әлемнің танымал полицей әйелдері қатысып жатқан конференцияда талқыланатын мәселелер ауқымы өте көп.

Халықаралық полицей әйелдердің конференциясы – құқық қорғау құрылымдарында басшылық лауазымындағы әйелдер арасында тәжірибе, білім және идеялармен алмасу үшін арнайы ұйымдастырылған. Конференцияға қатысушы біздің өкілдер өзге мемлекеттердің ішкі істер органынан өзара тәжірибе алмасуына мол мүмкіндік туғанын жеткізді.

Гауһарай ЕСИМОВА, Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ

ЕҢБЕГІ ЕЛЕНГЕН ЕЛОРДАЛЫҚТАР

Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев қызметтік міндеттерін адал атқарған, жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізген, сондай-ақ қылмыстарға жедел ден қойған патрульдік полиция полкінің қызметкерлерін марапаттады.

Патрульдік полиция полкінің рота командирі Жасұлан Бейсенбеков, полиция қызметкерлері Айбек Байбатыров, Жасұлан Ахметов, Олжас Бөрттай «Қазақстан полициясына 30 жыл» медаліне кеудесіне тақты.

Елордалық полиция бастығы М. Төлебаев жеке құрамның қызмет атқаруға дайындығын тексерді, полицейлерге азаматтармен сыпайы және мұқият қарым-қатынас жасауды ескертті.

Бір мыңнан астам полиция қызметкері бас қаламыздың көшелері мен қоғамдық орындарында тәулік бойы қоғамдық тәртіпті сақтауды және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Мемлекет басшысы елорда тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, елорда көшелерінде вандализм мен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша тиімді шаралар қабылдау қажеттігін атап өткен.

Патрульдік полиция қызметкерлері қалалық мүліктің бүлінуі бойын-

ша шақыруларға жедел ден қояды, алғашқылардың бірі болып оқиға орнына келіп, жүргізушілермен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, кейде күдіктілерді ұстайды. Өмірлеріне қауіп төнгеніне қарамастан, кірлік қақпай азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігін күзетеді.

Ауысым кезінде әрбір патрульдік экипаж 20-дан астам қоңырау бойынша қызмет етеді. Полк қызметкерлері кез келген қоңырауға жылдам жетеді.

Полиция қызметінде заманауи технологияларды кеңінен қолдану Мемлекет басшысының ішкі істер органдарының алдына қойған басты міндеттерінің бірі саналады. Қазір цифрлық форматқа көшуге байланысты полицейлер планшетпен жабдықталған. Бұл құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қылмыстарды жедел ашуға мүмкіндік береді.

«Сақшы-ақпарат»



ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ БАЙЛЫҒЫ

Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің. «Тілін білмеген түбін білмейді» деп Б.Момышұлы айтқандай, шынында, әр адам өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін өз тілінде сезініп, терең бойлау керек.



Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

Сондықтан да өз кезегінде алғашқы кәсіби даярлық курсының топ жетекшілері «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізіп, топтық жұмыстар жасап, туған тілге деген құрмет сезімдері мен қызығушылықтарын арттырды, кітапханашылар дайындаған көрмені де тамашалады.

Халқымыздың түпқазығы болған, мемлекетіміздегі ең басты қарым-қатынас құралына айналған қазақ тілін насихаттау мақсатында өткізілген апталықтың тағы бір шарасы алғашқы кәсіби даярлық курсы тыңдаушылары арасында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» айдарымен ұйымдастырылған Instagram байқауы болды. Байқау шартына сәйкес қатысушылардың туған тіл туралы қазақ ақындарының жыр шумақтарын тарту еткен бейнероликтері институттың ресми Instagram парақшасында жарияланып, оқырмандардың лүпілдері мен пікірлері арқылы жеңімпаздар анықталды.

Апталық жұмысының қорытындысы бойынша бөлсенділік таңытқан топ жетекшілері мен курс буыны қызметкерлері және тыңдаушылар, Instagram байқауының жеңімпаздарын институт бастығы, полиция полковнигі Н.Мұхаметқалиев алғысхаттармен марапаттады.

Сонымен қатар осы мерекеге сәйкес оқу орнында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейтуге үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлер де Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің марапаттарынан тыс қалмады.

Тіл – құндылықтардың ең қасиетті де қастерлісі. Тіл – әрбір тәуелсіз елдің мақтанышы, абыройы. Біздің ана тіліміз – тарихи терең, сөзі көркем қазақ тілі. Аталмыш шаралар арқылы ұлттық сақталуына себеп болатын ең басты құндылығымыз – ана тілімізді дамытуға атсалысу әрбіріміздің асыл парызымыз екенін ескелең ұрпақтың санасына сіңіре алсақ, үлкен жетістік.

Қасиетті қазақ тілінің мәртебесі арта берсін!

Жанат БЕРДАЛЫҚЫЗЫ
ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты

ТӘРТІПСІЗДІКТІ ТЫЯТЫН ТЕТІК



Мектептердің бейнекамералармен қамтамасыз етілуі білім беру орындарындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға мүмкіндік туғызды. Бүгінгі таңда Астана қаласы Полиция департаменті Жедел басқару орталығы елордадағы 97 мемлекеттік мекемені бақылап отырады. Білім беру ошақтарына 2021 жылдан бастап 3000-нан астам бейнебақылау камерасы орнатылған. Ерекше тоқталып өтетіні, сол жылдан бастап мектеп инспекторлары институтының қызметі тоқтатылды. Есесіне бұл жауапты жұмыспен қазір Ювеналды полиция қызметі айналысады.

Осы ретте біз Астана қаласы Полиция департаменті Байқоңыр ауданы Полиция басқармасы Жергілікті полиция қызметі бөлімі Ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Гүлзада Сатыбаевамен тілдесіп, мектептегі бейнебақылаудың тиімділігі жөнінде әңгіме өрбіттік.

Елордадағы Байқоңыр ауданында бүгінде 15 мектеп бар. Егер мектепте қандай да бір құқық бұзушылық орын алса, Жедел басқару орталығынан 102-ге хабар беріледі, бұл ретте оқиға орнына кезекші инспектор барады. Не болмаса мұндай жағдайда Ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторлары мән-жайды анықтайды. Елорда мектептеріндегі камералар саны жеткілікті. Әр мектепке кем дегенде 24 бейнебақылау камерасы қойылған. Бұл құрылғылардың көмегімен мектеп ішіндегі және аула-сындағы жағдайларды қадағалауға болады.

Гүлзада Сатыбаева бұл салада 15 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Саладағы жаңа өзгерістерге қатысты оң пікірде. Ал өз жұмыс бағытына қатысты мектептердің бейнекамералармен жабдықталуының тиімді тұстары басым екенін айтты. Мектепте ұсақ бұзақылық, ұрлық орын алғанда жағдайдың тез шешілуіне ықпал етеді. Мәселен, бір жолы балалар спорттық үлгідегі киім ауыстыратын орында төбелесіп қалған. Сол уақытта болған оқиғаның шындығына камера арқылы көз жеткізген. Ең бастысы, мектептерде әкімшілік хаттама толтырылғанда бейнекамералардағы жазбалар айғақ ретінде қолданылады. Тыныштықты сақтаудың тиімді тетігі мектеп айналасындағы қоғамдық тәртіптің орнауына да өз үлесін қосады.

Мектеп инспекторлары институ-

ты жұмысының тоқтатылуы білім беру ұйымдары назардан тыс қалды деген сөз емес. Керісінше, мектептегі тәртіпсіздікке түбегейлі тосқауыл қою үшін жаңа технологиялар енгізіліп, бейнекамералармен қамтамасыз ету қолға алынды. Соның нәтижесінде мектепте орын алатын тосын әрекеттер аздап тыйылды. Бейнебақылау құрылғылары арқылы биыл қаңтар айынан оқу жылының аяғына дейін елорда мектептерінде 124 құқық бұзушылық анықталған.

Цифрлық өзгерістер орын алғанымен, инспекторлар мектеп оқушыларымен байланысты үзбейді. Олар үнемі білім беру ұйымдарымен тығыз байланыс орнатып, келеңсіз оқиғалардың алдын алуға көп көңіл бөледі. Атап айтсақ, бүгінде ел аумағында 27 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Назар аударыңыз, балалар!» атты республикалық шара өтіп жатыр. Соның аясында бастауыш сынып оқушыларына жол жүру ережелерін түсіндірген. Сонымен бірге тәртіпке көңілі келмейтін кәмелеттік жасқа толмағандар мен ата-аналық міндетін толық орындамайтындар тізімі арнайы есепке алынады.

Қанша жерден алдын алу жұмыстарына мән берсек те, мектеп оқушылары арасында тәртіп бұзу жағдайлары орын алады. Қазіргі таңда ең жиі кездесетіні – жоғары сынып оқушыларының электронды шылым шегуі. Ал орта буын оқушылары ұсақ бұзақылыққа барады. Бастауыш сынып оқушыларына қатысы

көбіне келеңсіз әрекеттер орын ала бермейді. Бейнебақылау камералары арқылы бір жағдай анықталса, мектепке оқушының ата-анасы шақырылады. 16 жасқа толмаған балаларға әкімшілік хаттама толтырылмайды. Тәртіп бұзған оқушы мен заңды өкіліне түсіндірме жұмыстары жүргізіледі, – дейді сала маманы Гүлзада Сатыбаева.

Ювеналды полиция бөлімшесі қызметкерлерінің жұмысы тек бейнебақылау камераларының айналасында шектелмейді. Түнгі рейдтерге шығып, заңды өкілінің түн кезген жасөспірімдерді бақылайды.

Тәжірибелі маман Гүлзада Сатыбаева жасөспірімдермен жұмыс істеу жеңіл емесін айтады. Олардың теріс әрекетке баруына араласатын ортасы, ата-анасы әсер ететінін жеткізді. Қазіргі таңда белең алған келеңсіздік – ата-аналарының ажырасуы салдарынан өтпелі кезеңдегі жасөспірімдер ауыр жағдайға тап болады. Сонымен бірге балалар психикасына интернет желісі де айтарлықтай кері әсер етеді екен. Олар сонда көргенін қайталап, басыздыққа барғысы келеді. Сол үшін мектеп оқушыларының тәртібіне бейнебақылау камералары арқылы да, кері байланыс арқылы да көңіл бөлу артықтық етпейді.

Гауһарай АМАНҒАЛИҚЫЗЫ,
Суреттерді түсірген
Медет ӘШІРБЕКОВ

«КІТАПХАНАҒА ЖИИ БАРАМЫН»

Пробация есебіндегі сотталғандар кітапханадан рухани азық алды.

Арал аудандық Пробация қызметінің қызметкерлері пробация есебіндегі жастарды аудандық Абай атындағы орталық кітапханаға алып барды. Ондағы мақсаты – олардың бойында адами құндылықтарды қалыптастырып, кітап оқуға баулу, бос уақыттарын тиімді өткізуге түрткі болу.

Кітапхана қызметкері Г. Құлмашева сотталған азаматтарды кітапхана тарихымен, кітапхана қорындағы кітаптармен таныстырып, Абай әлеміне саяхат жасап, кең көлемді кітап көрмесіне шолу жасады.

Қазіргі күні кітапхана қорында 80 мыңға жуық кітап бар. Мұнда өзіңізге ұнайтын кез келген әлемдік әдебиет болсын, классикалық көркем

туынды дейсіз бе, немесе аудармалар, томдық кітаптар қызықтырса, іздегеніңіз табылады. Оқырман билетін аштырып, кітап алып оқуларыңызға болады. Кітап өзіңізді дамыту үшін керек, – деді кітапхана қызметкері.

– Мен кітапханаға жиі барамын. Көбіне тарихи кітаптарды алып оқимын. Кітап оқу арқылы ой-өрісің дамиды, сөздік қорың молайды, есте сақтау қабілет артады. Өзім сияқты жастарға кітапханаға жиі барыңыздар деп айтар едім. Бүгінгі шараны ұйымдастырған пробация қызметкерлеріне алғысым шексіз, – деді есептегі сотталған.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы

ЖАҚЫНЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Абай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты № 21 мекеме Семей қаласында орналасқан. Онда абайсызда қылмыс жасағандар мен екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған қасақана қылмысы үшін алғаш рет сотталғандар жазасын өтейді.



Жақында осы түзеу мекемесі жазасын өтеушілердің туған-туыстарымен кездесуге арналған Ашық есік күнін өткізді. Сотталғандар сол күні көптен көрмеген алыс-жақын туыстарымен жүздесіп, сағынышын басты. Бостандықта өткізген әрбір күні мен сағатына ештеңе жетпейтінін түсінген кейбір жазасын өтеушілер жасаған әрекеттеріне өкінетінін ашық айтты. Кездесу соңында мекеме бастығы, әділет подполковнигі Аслан Нұрбеков сотталғандардың ертерек еркіндікке шығуына тілектестігін білдірді.

Ашық есік күнінің жоспарға сәйкес белгілі бір күндерде өтіп тұруы – сотталғандар үшін де, олардың туған-туыстары үшін де жасалып отырған ізгі шаралардың бірі.

Мәдина НҰРЫМБЕКОВА,
Абай облысы

ЖАСӨСПІРІМ ТӘРТІБІНЕ АТА-АНА ЖАУАПТЫ

Кәмелеттік жасқа толмаған, әсіресе, жасөспірім шақтағы балалармен жұмыс жасау аса сақтықты қажет етеді. Балалармен жұмыс жасауда тек тәртіп сақшысы ретінде ғана емес, психолог немесе педагогтық, тәлімгерлік қабілетіңіз де болуы шарт. Кәмелеттік жасқа толмағандардың тәртібі мен олардың арасында кездесетін құқық бұзушылыққа қатысты сұрақтарға Астана қаласы Полиция департаменті Нұра ауданы Полиция басқармасы Ювеналды полиция бөлімінің инспекторы, полиция майоры Ұлболсын Мұсабекова жауап берген еді.



Алғашқы сауалымыз кәмелеттік жасқа толмағандар арасында ең көп кездесетін құқық бұзушылықтың түрі туралы болды. Ұлболсын Мұсабекованың сөзіне сенсек, қазіргі таңда кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің түнгі сағат 22.00-ден кейінгі уақытта, яғни түнгі мезгілде саябақтарда, аулаларда жүретін деректер көп тіркеледі. Соңғы үш ай жазғы демалыстарында балалар не мектепке, не колледжге, не үйірге бара қоймасы анық. Ата-анасы кешке дейін жұмыста жүретін балалар көбіне түнгі уақыттары үйінде емес, ойын-сауық орындарында өткізуге әуес екен. Балаларға қатысты ең жиі болатын бұл заң бұзушылық Әкімшілік кодекстің 442-бабы 1-бөлігі бойынша, яғни, кәмелет жасына толмаған балалардың түнгі сағат 22:00-ден кейін заңды өкілсіз жүруі бойынша қарастырылады. Жасөспірімдер компьютер клубтары, түнгі ойын-сауық орталықтарында жүрсе, ата-аналарына айыппұл салынады. Егер бала далада жүрген болса, бірінші кезекте ескерту беріледі. Одан кейін айыппұл салынады, үшінші кезекте іс сотқа жолданады. Осыған байланысты Ювеналды полиция бөлімі үнемі рейдтік іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырады. Жасөспірімдердің көпшілігі қазіргі кезде кешкі уақытта ата-анасына ескертпей үйден кетіп қалуы жиі кездеседі. Ата-аналар кейде балаларының қайда жүргенін білмей, ұялы телефондарына байланыса

алмай қалатын кездері орын алады. Мұндай кезде кейбір ата-ана тәртіп сақшыларына алғысын айтып жатады. Ал кейбіреулерінің дұрыс түсінбей қалатын кездері болады екен. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың ең көп тараған түрі – ұрлық. Сонымен қатар төбелес, қарақшылық және ішімдік ішу, есірткі тұтыну жатады. Бұл құқық бұзушылықтардың көрсеткіштері аз. Ювеналды полиция өкілі құқық бұзушылыққа 12-16 жас аралығындағы өтпелі кезеңдегі жасөспірімдердің бейім болатынын айтты. Одан бөлек олардың түрлі нәрселерге еліктейтіні де тағы бар. – Баланың тәрбиесіне мұғалім не мектептегі ювеналды инспектор емес, ең алдымен ата-ана жауапты. Одан кейін мектеп және күнде араласып жүрген өз ортасы көбірек әсер етеді, – деді инспектор Ұлболсын Мұсабекова. Сонымен қатар ол балалардың тәртіпсіздікке ұрынуына олардың толық немесе толық емес отбасынан шыққаны себеп емес екенін баса айтты. Ұлболсын Жаныбекқызы бұрынғыдай мектеп инспекторы емес, учаскелік полиция инспекторы. Бұрын ол мектепте балаларды таңертең қарсы алып, күні бойы мектепте жүретін. Алайда бұл Ювеналды полиция бөлімінің мектеппен қарым-қатынасын үзді деген сөз емес. Ұлболсын Мұсабекова әр мектептің ата-аналарының чатында отыраты-

нын жеткізді. Түсіндіру жұмыстары немесе хабарландыруларды үнемі сол чаттарда бөлісіп отырады. «Тәртіпсіздіктерге баратын балалардың, мүмкін, құқықтық білімі нашар шығар. Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың құқықтық білімі қандай?» деген сұрағымызға ювеналды инспектор: – «Қазіргі балалар заңды мүлдем білмейді» деп айтуға келмейді. Мұны ақпараттардың қолжетімді болуымен байланыстыруға болады. Соңғы кездері мектепте жүргізілген жұмыс барысында балалардың заңға немесе біз секілді тәртіп сақшыларына қызығушылықтарын байқап жүрміз. Бұрын балалар полиция қызметкерлерінен қорқатын. Қазір бала-



лар бізбен ашық диалог жүргізеді. Балаларға немесе жасөспірімдерге «Біз сіздердің құқықтарыңызды қорғайтын инспекторымыз» деп айтқан кезде кейде біздің жеке ұялы телефондарымызды алып немесе жеке сұрақтары бойынша кеңес алып, сенім білдіріп жатады, – дейді. Себебі балалардың өз жағдайларын, тіпті ата-анасына айта алмайтын кездері болады. Мұндай ювеналды полиция қызметкерлері балалармен тек тәртіп сақшысы ретінде емес, психолог, педагог ретінде сөйлесіп жатады. Бұл, әрине, тәртіп сақшыларының халықпен жақын болуына үлкен көмек. Ұлболсын Мұсабекова өзіне қарасты ауданда екі «Віптом» мектебі, бес мемлекеттік мектеп, үш колледж,

12 жекеменшік мектеп, 13 мемлекеттік балабақша, 32 жекеменшік балабақша бар екенін айтты. Колледж оқушыларының арасында көп кездесетін келеңсіздік – сабаққа келмеу. Егер бұл жағдай қайталана берсе, ӘҚБК-нің 127 бабының 1-бөлігіне сәйкес ата-анасына әкімшілік хаттама толтырылады. Тіпті мұндай балаларды қалалық есепке «Қаңғы-бас» категориясы бойынша алуға тура келеді. Инспектордың айтуы бойынша, осы категория бойынша өз қарамағына биыл 13 жасөспірім тіркелген. Олардың сабаққа келген-келмегені туралы мәліметтер оқу орындарымен бірлесіп анықталады. Мәселенің шешімін табу үшін Ювеналды полиция өкілдері сабақтан қалатын оқушылардың үйіне барып, отбасылық жағдайын тексереді. Не себепті білім алудан қашатынын анықтап, кейін есепке алынған балалармен түсіндіру жұмыстары жүргізілетінін жеткізді. Егер нәтиже болмаса, мұндай балалар арнайы мектепке ауыстырылады. Оқу орындарында кәмелеттік

сымен келісім алып, тойлары өткен және жолдасымен бірге тұратын болып шығады. Ондай жағдайда екі жақтың келісіміне сәйкес әкімшілік шара қолданбау туралы өтініш жазып қана қою дерегі жиі кездеседі. Ата-аналар өз түсініктемесін беріп, жауап береді. Бірақ мұндай жағдайлармен Ювеналды полиция емес, тергеу бөлімі айналысады. Маман бұл салада бірқатар қиындық барын жасырмады. Өз баласын шара қолданбау туралы өтініш жазып көргенде аналық жүрегі елжірейтінін айтты. Ұлболсын Мұсабекова бастауыш сыныптарға жол ережесіне қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілетінін айтты. – Ол кезде мектепке арнайы жол-патрульдік полиция мамандары шақырылады. Сонымен қоса, баланың есінде қалуы үшін бағдарламға қатысты ережелерді барып көрсетеміз. Одан бөлек ойын түрінде, суреттерді көп қолдануға тырысамыз. Жаңа оқу жылының басталуына байланысты әр балабақша мен мектепте жыл сайын 27 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Абайлаңыз, балалар!» атты профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді, – деді ол. Инспектор бұдан басқа жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттеріне түнгі уақытта жүрмеуге, ұрлық жасамауға, темекі шекпеуге, есірткі қолданбауға қатысты және тағы басқа да заңдық шараларды түсіндіретін арнайы бейнероликтер дайындалатынын айтты. Ол, сондай-ақ, электронды темекі жайына да тоқталды. Ұлболсын Жаныбекқызы электронды темекіге қатысты былтыр екі дерек тіркелгенін айтты. Оған қатысты тиісті шаралар жасалып, ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Биыл әзірге мұндай жағдай кездеспеген. Атап айтқанда, мұндай істер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 423-бап «Есірткі, психотроптық заттарды және сол тектестерді, прекурсорларды насихаттау немесе заңсыз жарнамалау» бойынша қаралмақ. Ал заңмен тыйым салынса, көп жасөспірімдер зиянды әдеттен аулақ болар еді. Балалығы мен шалалығы басым балалардың тәртібі полицейлердің үнемі басты назарында. Баланың тәртібімен айналыспа, ата-ананың соры, баласы білімсіз ұрпаққа айналуы мүмкін. Сондықтан кәмелеттік жасқа толмағандардың тәртібіне немқұрайлы қарау – сіз бен бізге сын.

Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ, Астана қаласы

ӘКЕНІҢ ІЗГІ ЖОЛЫМЕН...

М. Есболатов атындағы Алматы академиясының кәсіби даярлық факультетінің Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны Айбек Қанатұлы Айткештің ішкі істер органындағы өмір жолына өз әкесі өнеге болды.

Айбек орта мектепті бітіргенде сыныптастары сияқты мамандық таңдауда көп ойланған жоқ. Оның себебі бала кезінен әкесі Қанат Айткешұлының поғоны жарқыраған киімдерін өлшеп көріп, ержетуге асығып жүретін. Сондықтан болар, ол Алматы қаласындағы №15 лингвистикалық лицейді бітірісімен М.Есболатов атындағы Алматы академиясына түсті. Бакалавр бағдарламасы бойынша оқуын жақсы бітіріп, ішкі істер органдарындағы еңбек жолын Алматы қаласы ІІД Криминалдық полиция басқармасының жеке адамға қарсы қылмыстарды ашу бөліміне келді. ІІД басшылығы академияны жаңа бітіріп келген жас маманға зор сенім көрсетіп, өткен жылдардағы адам өлімін ашу жөніндегі топтың жедел уәкілі етіп тағайындады. «Жас келсе, іске» деген қағиданы басшылыққа алғанмен, жас маманға адам өлімін, оның ішінде бұрын жасалып, ізі суып кеткен қылмыстарды ашу оңай болған жоқ. Бірақ ізденіп жүріп, мұра-

тына жетуді мақсат еткен ол тәжірибелі уәкілдерден үйрене жүріп, қала берді әкесінің қызметтің қыр-сыры туралы айтқандарын зерделей жүріп, өз кәсібін машықтана түсті. Осы жерде сәл шегініс жасап, баласының қызметтегі қанатын қатайтуға күш салған әкесі Қанат Айткешұлының еңбек жолын айта кеткен жөн. Бұрынғы Талдықорған облысының Алақөл ауданында туып-өскен Қанат Нұрлыбаев еңбек жолын бастаған кезде елде тоқыраудан кейінгі қайта құрудың жан-жақты жүргізіліп жатқан кезі болатын. Осындай аласапыран уақытта ол жұмыс істей жүріп, білім алудан да көнже қалған жоқ. 1997 жылы Қазақ Ұлттық техникалық университетін, 2007 жылы ІІМ Алматы академиясын бітірді. 2013 жылы Қазақ Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясын тәмамдады. Ішкі істер органындағы еңбек жолын Алматы қаласы Түркісіб аудандық ІІБ Жедел бөлімінің жедел уәкілінен бастаған Қанат

Айткешұлы 2018 жылы Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы бастығының орынбасары лауазымынан зейнеткерлікке шықты. Бүгінде ол еңбек етіп, тер төккен академияда баласы Айбек Қанатұлы еңбек етеді. Полиция капитаны Айбек Айткеш өз білімін жетілдіруде де өз әкесін үлгі тұтты. Алматы академиясын бітірген соң «МИТСО» Халықаралық университетінің магистратурасын, Қазақ Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының құқықтану магистратурасын, М.Есболатов атындағы Алматы академиясының докторантурасын бітірді. Иә... әкесінің ізгі жолын жалғастырып жүрген Айбек Айткештің бүгінде жарысымды отбасы бар. Жан жары Ақерке Темірханқызы жоғарғы оқу орнының оқытушысы қызметінде.

Гүлнәр ЖАПАРФАЛИҚЫЗЫ, Алматы қаласы





ПОЛИГОНДАҒЫ «ПОГОНДЫ ЖУРНАЛИСТ»

«Погонды журналист» жобасы қолына қалам ұстаған қауымның тәртіп сақшылары қызметінің қалтарысы мен бұттарысымен кеңінен танысуына мүмкіндік береді. Полиция қызметкерлері – біздің көз алдымызда қоғамдық тәртіптің күзетшісі. Ал сіз бен біздің қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуге олар жайдан-жай кіріспейді. Ең алдымен сынақ тапсырып, азаматтарды қорғай алатын қабілеті мен дене шымырлығына баса мән беріледі. Полицейлердің білек күші мен нысананы дәлдеу дағдысына, шабуылға төтеп бере алатын азаматтық қорғанысына Арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасы жауапты. «Погонды журналист» жобасы аясында дәл осы қызмет түрінің аға инспекторы ретінде елордалық сақшыларды қалай сынаққа дайындап, олардан қалай сынақ қабылдап жатқанына көз жүгіртіп қайттық.

ЖАН БЕРІП, ЖАН АЛЫСЫП ЖҮГІРУ

Саптағы қызметкерлер сын сағатта өзін-өзі қорғап, қауіп-қатермен бетпе-бет келгенде батыл әрекет етуі үшін үнемі бабында жүруі тиіс. Астана қаласы Полиция департаменті Арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасы 2016 жылдан бастап жұмыс істейді. Басқарма бастығы, полиция полковнигі Марат Қонақбаев Астана қаласы Полиция департаментінің волейбол, футбол, самбо бойынша құрамаларын жаттықтырып, жоғары жетістіктерге жетіп жүргендерін тілге тиек етті. Сонымен бірге елордалық жеке құрам сапында Ерболат Құнанбаев, Арай Мусина сынды есімі елге белгілі спортшылар да бар. Мұндағы 20-ға жуық қызметкер елорда сақшыларының кәсіби даярлығына жауапты. Жеке құрамға жыл басынан күзге дейін оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізіп, қыркүйек-қараша айларында сынақ қабылдайды. Басқарма әр тоқсан сайын 3-4 рет кенеттен дабыл көтереді. Тосыннан дабыл қаққанда сақшылардың оқыс жағдайдағы физикалық дайындығы мен қиын сәтте қалай әрекет ететіні бағдарға алынады.

Біз алдымен «Динамо» дене

қан ойнап, өкпесі өшіп жүгіріп келе жатқан қызметкерлер белгіленген сызықтан өте бергенде әп-сәтте шаршағанын ұмытып кетеді. Дерек қоятын сұрағы: «Мен қанша уақытта келдім?». Ер полиция қызметкерлері жүгіргенде желмен жарысып, 100 метр қашықтыққа 13, 14, 15 секундта келіп жатты. Ал қыздар жағы болса, 16 секундтан асырып, кейбірі тіпті әлгі қашықтықты 23 секундта бағындырды. Айта кетерлігі, 40 жастағы қызметкерлер 60 метрлік қашықтықтағы жежені орындаса болғаны. Себебі нормативтік ережелер бойынша әр жасқа сәйкес өзіндік талаптар бар.

Астана қаласы Полиция департаменті Байқоңыр ауданы Полиция басқармасының аға жедел уәкілі Нұрлан Жақыпбаев – жыл сайын сынақты беске жабатындардың бірі. Сыныптық шені – тәлімгер. Осы деңгейін қорғау үшін сынақ барысында барын салады. 15 жылдық тәжірибесі бар қызметкер биыл да сол қалыпты ұстап тұруға дәмелі. Аяқ алысы жоғары көрсеткіштен басталды.

«Динамода» жүріп, кимоно киіп, қоян-қолтық ұрыстың да бір-екі қимылын үйреніп қайттық. Шарт бойынша спорттық әдіс-тәсіл кимоно киген адамға көрсетіледі. Бір тәртіп сақшысы қылмыскер шабуыл жа-



аса қашықтықтағы жерге табанымыз тиіп, балшыққа баттық. Мұнда жеке құрам кесте бойынша бір аптаға келіп, оқу-жаттығудан өтеді. Автоматты, қызметтік тапаншаны дұрыс

қолдануды инспекторлардың көмегімен үйренеді.

Полигонға барсақ, автоматты асынып жерде жатқан тәртіп сақшысы 20, 30, 50, 100 метр қашықтықта атып жатыр. Ал тапаншаны 7, 10, 15 метр қашықтықта көздейді екен. Мұндағы басқарма қызметкерлері оларға атыс дағыларын үйретіп, экипажға шабуыл жасағанда орталыққа қалай хабарлау керектігін, қылмыскерлерден қорғану тәсілдерін үйретеді.

Жұмыс бабымен келіп тұрған соң

кәсіби спортшылар мен диетологтар өз нұсқамасын ұсынады, – деді.

Басқарма инспекторы Ернәз Ермеқұлы жаңадан келген маман болса да, сақшыларға үйретері көп. Самбо күресінен спорт шеберіне үміткер. Жаттығу өткізер алдында барлық қауіпсіздік шараларына жете көңіл бөледі.

Астана қаласы ПД Алматы ауданы Полиция басқармасының қызметкері Дулат Болатұлының полигонға келгеніне бір аптаға жақын уақыт

біз де тәртіп сақшыларының дайындықтарына қызығып, қару ұстап көргіміз келді. Ең алдымен қауіпсіздік ережелерін толығымен түсіндіріп, содан кейін ғана оны ұстауға рұқсат берді. Қыз бала болғасын ба, арқаға асынған автоматтың ауырлығынан иық, жауырын қарысып қалды. Оны атап түгілі, ұстаудың өзі біз үшін үлкен жұмыс екенін ұғындық. Тапаншаны алғаш қолға алып, оны да ұстаудың өз тәртібі барын түсіндік. Ал тәртіп сақшылары бірінен кейін бірі атып, бірі нысанға дәл тигізсе, бірі мүлт кетіп жатты.

Руслан Әубәкірұлы – Арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасының бөлім бастығы. Өзі қоян-қолтық ұрыс бойынша спорт шеберіне үміткер. Қызметінің қауіптілігімен қоса, жауаптылығы да жоғары.

– Полигонға қолына өмірі қару ұстамаған тәртіп сақшылары да келеді. Біз оларға бәрін басынан бастап үйретеміз. Біздің басты міндетіміз – сақшылардың азаматтық қорғанысын күшейту. Бір апталық мерзімнің алғашқы үш күнінде қаруды оқсыз атып үйренеді. Кейіннен оқталған қарумен нысананы көздейді. Келген кезде қандай көрсеткіш көрсетті, полигонда қандай деңгейге жетті, оның бәрине талдау жасаймыз. Артық салмақтағы сақшыларға басқармадағы

болған, бір күннен соң қалаға қайтады.

– Полигонда атыс қаруын қолдануды үйреніп, граната лақтыру сабағына қатыстық. Үйренген дүниелерді жақсылап меңгеруге тырыстық. Осы жаттығудың нәтижесінде алда сынақ тапсырамыз, – дейді ол.

ТҮЙІН. 2016 жылғы статистика бойынша егемендік алған ширек ғасыр ішінде қызмет барысында қаза тапқан құқық қорғау органы қызметкерлерінің саны 18 мыңға жеткен. Себебі сақшылар қауіп-қатермен бетпе-бет келгенде көбіне өзін қорғауға дәрменсіз болған. Осы дабыл қағылған көрсеткіштен соң полицейлердің азаматтық қорғанысына айрықша көңіл бөліне бастады. Бүгінде басқарманың үздіксіз ұйымдастырылған жұмысының нәтижесінде бұл көрсеткіш айтарлықтай төмендей бастады. Басқарманың бір күндік жұмысына шолу жасап, погонды қызметкерлерге полигондағы дайындықтың, спортты серік етудің, ең алдымен, өздерін, одан соң халықты қорғауы үшін керек екеніне көзіміз жетті.

**Гауһарай ЕСІМОВА,
Суреттерді түсірген
Медет ӘШІРБЕКОВ**



шынықтыру және спорт қоғамына барып, сақшылардан сынақ қабылдадық. Негізінен, полицейлер сынақ барысында дене шынықтыру дайындығынан, қоян-қолтық ұрыстан және ату дағдысынан өз шамаларын байқайды. Сонымен бірге құқықтық актілер, заңнамалар бойынша тест тапсырады. Әрбір сынаққа баға қойылып, соның нәтижесіне сәйкес сыныптық шен беріледі. Дене шынықтыру дайындығы бойынша 100 метр және бір шақырым қашықтыққа жүгіреді, турникке тартылады, сондай-ақ кешенді күш жаттығулары бар.

Бұл басқармаға қызметкер ретінде спорттық жетістіктері бар саңлақтар іріктеліп алынады. Біз барған уақытта аға инспектор ретіндегі менің әріптестерім жүгіруден 100 метр қашықтыққа сынақ қабылдап жатыр екен. Қастарына барып, қолыма қалам алып, кімнің қанша уақытта келгенін жаза бастадым.

Жүгіру дегеннің өзі жан беріп, жан алысатын сәт екен. Беттеріңде

сағанда жамбасқа алып құлатудың жолын көрсетті. Одан бөлек таяқпен, атыс қарумен, пышақ секілді үшкір заттармен шабуыл жасағанда қалай тойтарыс беру керектігін де көзбен көрдік. Мәселен, қарама-қарсы тұрған адам пышақпен шабуыл жасаса, оның оң жағына шығып, пышақ ұстаған қолының білезігін ұстайсың. Одан соң ішінен оң аяқпен теуіп, қолындағы пышағын ұшырып жіберуге тырысасың.

Осылайша сақшылардың тосын жағдайда қалай әрекет ететініне біресе таңданып, біресе таңырқай қарадық.

ПОЛИГОНДАҒЫ АТЫС ДАҒДЫСЫ

Басқарма бастығы Марат Шәкібайұлы жол сілтеуімен Ақмола облысы Аршалы ауданына қарайтын Баба-тай станциясы маңындағы полигонға аттандық. Астанадан бір сағаттан



ҮЗБЕЙМІН ҚАРА ӨЛЕҢНЕН ҮМІТІМДІ



Төлеубек Омаров – Астана қаласы бойынша ІІМ-нің Ардагерлер кеңесінің мүшесі. «Құрметті ардагер» медалімен марапатталған.

Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының тумасы. Астана қаласында тұрады. Өскемен педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген.

Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышын өтеп келген соң 1973 жылдың желтоқсан айында Күршім аудандық Ішкі істер бөліміне қызметке орналасады. Кейін Ішкі істер министрлігінің мектебін бітіріп, лейтенант шенімен Өскемендегі ОВ-156/2 мекемесінде саяси тәрбие жұмысын жүргізеді. Осы мекемеде зейнетке шыққанша қызмет атқарады.

Жоғары сыныпта оқып жүргенде өлең жаза бастаған. Өлеңдері облыстық, республикалық газеттерде жарық көрген. Біз ардагер ағамыз Төлеубек Омаровтың бір топ өлеңін оқырман назарына ұсынамыз.

МЕН ПЛАНДАҒАН ЖОЛ

Өмір жолын әріректен бастаған,
Бірге аттаған ұлы еліммен жас қадам.
Бел баласы Отанымның әйгілі,
Артық көрем ел сақшысын басқадан.

Тұру үшін тыныш қана көл тұнып,
Жүру үшін жайнап көңіл серпіліп.
Түн қатады тыныштықтың сақшысы,
Ұлы Отанның алдындағы серті нық.

Еліміздің сарбаздары саптағы,
Қадам басып арайланған ақ таңы.
Сонау-сонау отты күннен қарбалас,
Сонан бері бір тыныштық таппады.

Мен де соның қатарында келемін,
Еңбегімді елге сыйға беремін.
«Полиция – қорғаным» деп атайды,
Саған мынау тарту етер өлеңім.

Полиция еңбегінің көлемі,
Өлшенбейді, тыныштық тек төлемі.
Жалын жүрек, құрыш білек, алғыр ой,
Тыныштықтың сақшысына керегі.

ПҮНТІ АЙҚАС

Жаңбыр бітті, қап-қараңғы, тым-тырыс,
Көзді байлап, тұмшалаған түн пүліш.
Қыбыр еткен төңіректе пенде жоқ,
Үрген итте жоғалыпты жым-жылыс.

Халық жатыр тәтті ұйқыда маужырап,
Көрінбейді жылт еткен бір шамшырақ.
Тербетілген бұтақтардың басында,
Торғай отыр ұйықтағандай қалжырап.

Кірпік қақпай халқы үшін елжіреп,
Полиция тыныштықты тұр тілеп.
Жауып тұрған жаңбыр да сәл толастап,
Қараңғылық серпілгендей әлсіреп.

Құлшындырған полиция сержантын,
Орындайды ол арқашан өз антын.
Досқа адал, мейірімсіз қасына,
Жүрегі бар «Отаным» деп соғатын.

Бұқпантайлап қара түнді жамылып,
Екеу жатыр тасаланып тығылып.
Арам ниет, сұғанақ қол ұрылар,
Ел байлығы – дүкенді ашпақ жабылып.

Жүріп өтті белгілі бір бағытпен,
Сержант жігіт қасындағы сақ итпен.
Сезім кернеп, жүрек соғып ерекше,
Дүрсілдейді жарысқандай сағатпен.



Байқап қалды жылт еткенін шырпының,
Анық білді еместігін құр мұның.
Таяп келіп байқағанда есікті,
Бірден көрді жұлынғанын құлпының.

Ұстау керек қылмыскерді дәлелмен,
Досың емес, кіріп барар сәлеммен.
Кету үшін әділ заңнан сытылып,
Жанталасып күш көрсетер өлермен.

Секундтарда келді бірден шешімге,
Жүгірмейді көмек сұрап ешкімге.
Жастайынан спортпенен шыныққан,
Күші мығым, жел ойнатқан екпінге.

Секіре ыршып, Рекс те арс етті,
Тынық түнде мылтық даусы тарс етті.
Қалың бұлтта ойнағандай найзағай,
Қараңғыда қызыл жолақ жарқ етті.

Сескену жоқ келді уақытта қас-қағым,
Итермелеп кеудесінен асқақ үн.
Қорыққаннан заресі ұшқан қылмыскер,
Шығарады айбат шегіп, жасқап үн.

Қылмыскермен кетті күрес басталып,
Қашпақ болса жібермеді бас салып.
Арпалыста бір мезетте әдіспен,
Алып ұрды екі аяқты қос шалып.

Рекс те екіншісін басып алған ырылдап,
Түрі жаман тастай-тұғын жырымдап.
Көмек сұрап жалбарына айқайлап,
Тыпырлайды «Итті әкет!» деп қырылдап.

Шаттықпенен жеңіс орнап көңілге,
Айдап келді жауапкерді бөлімге.
Сұғанақ қол, басы түсіп салбырап,
Қалтырайды баратындай өлімге.

Сержант шықты таң самалын тыныс қып,
Ойластырып, ел мақсатын тыныштық.
Өз Отаны, өз еңбегі бәрінен,
Елжіретті көңілін оның тым ыстық.

АБАҚТЫ

Абақты тікенек сым, темір торлы,
Жаутаңдап сығалайды, небір сорлы.
Келтіріп таубасына басын иген,
Аппауыт сұғанақ қол, жемір-зорды.

Қос қабат, ауыр есік, қара құлып,
Байбалам салды біреу ара тұрып.
Қанішер, қаныпезер тағат тауып,
Өз басын жұдырықтап алады ұрып.

Асқандар түбінде бір ұрынар кеп,
Айтуын айтқандай-ақ ұлылар дөп.
Көк түтін, тар камера, үш тақыр бас,
Өздерін таныстырды «Ұрылар» деп.

Тірлігінде жасағандай өлмес ерлік,
Біреулер ыңылдайды әнмен сергіп.
Амал жоқ, мойынұсынған тауқыметке,
Тентектер мінезімен – әумесерлік.

Темір сым, биік қоршау, қанша қорлық,
Жасаған өз-өзіне сонша зорлық.
Меңіреу, боп-боз түрі, біреу отыр,
Бойын жеп, есін алған нашақорлық.

Бар сенім, үмітімді алға артам да,
Ойлаймын, көп нәрсені арға таңба.
Бар болғаны екі-үш кінә болмап па еді?
Барымта, жесір дауы, арғы атаңда.

ӨЛЕҢДЕ ТЕРІМ МЕНІҢ АЛМЫНБАҒАН

Көш бойы ұзап кетті тұстастарым,
Орта жол, барып ішіп түскі астарым.
Дүбірге жер тарпынып шыға келсем,
Өлеңде көбі болар ұстаздарым.

Шын жүйрік намыс қысса арындаған,
Беремін жан дүние барымды оған.
Шаңғыдан жүгіруде болдым алды,
Өлеңде терім менің алынбаған.

Өзімді аямаймын қамшы басып,
Өнердің көзі болса аршып, ашып.
Қызмет, жеке үй салу, бала-шаға,
Бір басқа түсті бәрі қайшыласып.

Еңбекте қарқыны мол күн ұтымды,
Бәсекесін беріп оған түн ұтылды.
Үзбеймін ішке сыймай түрткілеген,
Ақ өлең, қара өлеңнен үмітімді.

Жүз келіп, жүз кетеді ой санадан,
Еркіне беріп оның, қойсаң адам.
Жырыма мөлдір моншақ тақсам деймін,
Ен салып, арғы атамдай, қой санаған.

Көш бойы ұзап кетті тұстастарым,
Десем де өздеріңмен қоштаспадым.
Желмая жүгін артып қуып берді,
Абайла, артқа қара, көшбастарым!

ЖІМЕРТЕ АЙТАРЫМ

Көктемеде тасыса өзен, жар құлап,
Жатпас суы мөп-мөлдір боп жарқырап,
Шақса біреу көңіліңнің айнегін,
Беру оны оңай болмас жәй құрап.

Көрдік біздер талай қанша өкпелеп,
Ашу-ыза, наламазды төкпелеп,
Тоғыз қабат жерді жарған алмас ой,
Ұрсыссаң да ақыл керек, еп керек.

Безектесе жөнге келмей тіл шығып,
Жапты дей бер қара бұлттан түн шығып.
Кешіре сәл, шыдамдылық – бір ерлік,
Жабық қазан сарқылады тұншығып.

Күш көрсетіп, ұрып жыққан ер емес,
Құрта-тұғын сондайларды ерегес.
Темір тордың ар жағында қанша жүр,
Келтірдім бе көз алдыға бір елес?

Мұны білмес, үлкен емес, кей інім,
Теріс мінез көрсететін пейілін.
Жас жүректі қан жылатқан – қайшылық,
Тас жүректі елжіреткен – мейірім!



Қазыбек Әшірбекұлы – ҚР ІІМ-нің құрметті ардагері. Қазақстан Журналистер Одағы мен Қазақстан сыйақышылары «Найзагер» қауымдастығының мүшесі. «Күлкі керуен», «Жебе», «Белорақ», «Сырдария кітапханасы» екі жүз томдығындағы «Ұрт пен мұрт» кітабының авторы.

Республикалық «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Халық» газетінде, «Әлімсақ» журналында, аймақтық «Сыр бойы», «Ақмешіт апталығы» басылымында сатиралық шығармалары жарияланған.

САҚШЫЛАРҒА АРНАУ

Сыйлау қажет,
Сыйлау керек жақсыны..
Жанға жебеу болып жүрген сақшыны.
Қоғамдағы өршіп тұрған қылмыстың,
Толастамай тұрған кезде тасқыны...

Біреу білсе,
Біреу бұны білмеді,
Сақшылардың қызметі күрделі..
Күндіз-түні тыныштықты күзетіп,
Аяздар мен аптаптарда жүргені...

Қауіпті істің шыға қалса дерегі,
Жан да емес олар үшін керегі.
Қылмыскермен тура келіп бетпе-бет,
Қатерлерге басын тігіп келеді...

Отан үшін олар солай ант еткен,
Кедергі аз қызметтен қалт еткен.

Қажет кезде ғұмырын да қиған бар,
Емес олар жасқанып еш жалт еткен.

Қызметтері күрделі де киелі,
Біреу үшін көпке жақпа күйені.
Түсі сұсты көрінгенмен сырт көзге,
Сол сақшылар сіздерді шын сүйеді.

Алшақ емес олардан еш арамды,
Бірі туыс, бірі туған балаңыз.
Қылмыс түрі мың құбылып тұрғанда
Қызметіне түсіністікпен қараңыз.

Сырт көздерге тұрғанымен сезілмей,
Олардың да жаны жайсаң өзіндей.
Тыныштығын халқымыздың күн-түні,
Сол қырандар күзетеді көз ілмей...

Ұлы дала елімдегі ордалы,
Халқымыздың сендерсіңдер қорғаны.
Арың таза, сыпайы, адал болсаңдар.
Сонда халық сендерді анық қолдары...

Оң істерді бағалайды басшылар,
Ортаңда көп ары таза жақсылар..
Халқымыздың тыныштығын қорғайтын,
Сендер аман болыңдаршы, сақшылар!

ШЫМКЕНТТЕГІ ШЫРАЙЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Жақында ҚР Ішкі істер министрлігі мен ҚР Ұлттық ұланының ақпараттық насихаттау тобы Шымкентке жұмыс сапарымен барды.



Әскер қызметінің имиджін көтеру, азаматтардың әскери қызметшілерге, олар атқаратын қызметтік-жауынгерлік міндеттеріне оң көзқарасын қалыптастыру, жастарды патриотизмге, Отанға адал қызмет етуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған ақпараттық насихаттау тобын ҚР Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, Халық қаһарманы Қайрат Үмбетов бастап келді. Іс-сапар Шымкент қаласындағы №2 Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығының балаларымен кездесуден басталды.

Әскердің бас тәрбиешісі мен Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің өнерпаздарын балалар тамаша көңіл күймен қарсы алды. Мекеме басшысы Лаура Жарылқақызы алдымен балалар мекемесінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен, орталықтың тыныс-тіршілігімен таныстырды. 3 жас пен 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер тәрбиеленетін мекемеде балалар үшін жасалған барлық жағдайға Қайрат Үмбетов ризашылығын білдірді. Өз атынан алғысхатпен марапаттап, балаларға құнды сыйлықтар табыстады. Тәрби-

еленуші балалар да бар өнерін ортаға салып, әсем әндерін тарту етті. Жасөспірімдермен болған кездесу одан әрі Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің концертіне ұласты. Кездесу барысында Қайрат Үмбетов балаларды батыл ұландарды оқытып шығаратын оқу орнында білім алуға шақырды. Халық қаһарманы жасөспірімдермен сұхбат барысында ел қорғайтын офицер болуды мақсат еткен Никита есімді тәрбиеленуші жасөспірім балаға естелік ретінде қол сағатын шешіп беріп, талапты ұлға жарқын болашақ тіледі.

Ақпараттық насихаттау тобының жұмысы Шымкент қаласындағы Қазақстан халқы ассамблеясының концерт залында ұйымдастырылған ҚР Ұлттық ұланы Ән-би ансамблінің «Ұлттық ұлан – ұлт рухы» атты гала-концертіне ұласты. Үлкен көрермен залы әскери қызметшілер және олардың отбасы мүшелерімен, сондай-ақ басқа күштік құрылым өкілдерімен лық толды. Концерттің қадірлі қонағы болған Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Асыллов нағыз патриотизм мен ұлтжандылықтың үлгісін көрсетіп жүрген әскери қызметшілерге, жастардың рухын

көтеруге салмақты үлес қосып жүрген ҚР Ұлттық ұланы Ән-би ансамблінің өнерпаздарына алғысын айтты.

Өнерпаздар гала-концертте әскери әндермен қатар халық әндерін, заманауи және эстрадалық әндерді шырқады. Сондай-ақ көрермендер әлем халықтарының билерін және құрметті қарауыл ротасының дефилесін тамашалап, қошеметтерін аямады.

Концерт соңында сөз алған №6506 Әскери бөлімінің командирі сахна төріне шығып, әскери қызметшілер мен олардың отбасына, құрметті қонақтарға, ардақты ардагерлерге тамаша көңіл-күй сыйлаған ансамблдің талантты жастарына ризашылығын білдіріп, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы Мереке Көшекбаевтің атынан арнайы грамоталары мен алғысхаттарды табыстады.

Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының ақпараттық насихаттау тобының жұмысы алдағы күндері Түркістан қаласында жалғасын таппақ.

Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ



АРДАГЕРЛЕРДІҢ ТАРТЫСТЫ ТУРНИРИ

Қорғалжын ауылында ішкі істер органдарының ардагерлері арасында қоян-қолтық ұрыстан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қанатбек Бейсенбаевты еске алуға арналған футболдан турнир өтті.

Сайысқа 50 жастан асқан ардагерлер қатысты. Аталған турнирге елордалық Полиция басқармасының ардагерлер командасы қатысып, жүлделі 1-ші орынды иеленді. Жеңімпаз ардагерлерді Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев құттықтап, марапаттау рәсімін өткізді. Арнайы марапатты тапсыруға Байқоңыр ауданы ПБ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Виктор Крутицкий шақырылды.

– Мұндай спорттық іс-шаралар –

салауатты өмір салтын сақтауға ықпалын тигізеді, – деді Астана қаласы ПД Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Болатбекұлы.

Бүгінде ішкі істер органдарының ардагерлері қоғамдық жұмыстарға жиі араласып, түрлі іс-шараларға белсенді түрде қатысып келеді. Олар жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби дағдысын жас мамандармен бөліседі.

Қымбат АБДАЛИМОВА

МАҢҒЫСТАУЛЫҚ МЫҚТЫЛАР

Ақтау қаласы Полиция басқармасы «Динамо» дене шынықтыру - спорт қоғамы кешенінде Маңғыстау облысы ПД жеке құрамы арасында самбо күресінен іріктеу кезеңі өтті.



Маңғыстау облысы Полиция департаментінің бастығы Аян Дүйсембаев алғысөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Ол жарыстың анық, нақты және әділ өтетініне сенім білдірді. Жарыста барлығы жеті салмақ дәрежесі бойынша 50-ге жуық қызметкер сынға түсті.

Барлық жеңімпаздарға Маңғыс-

тау облысы ПД бастығының атынан диплом, медальдар табысталды. Үздік спортшылар қазан айында Маңғыстау облысында өтетін республикалық сайыста өңір намысын қорғамақ. Қазіргі кезде чемпионатқа дайындық жүргізіліп жатыр.

«Сақшы – ақпарат»



МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС

Бас директор
Лаура ЖАКУПОВА

Бас редактор
Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯ:

Шеф-редактор:
Жұлдыз ТОЙБЕК
Жауапты хатшы:
Айнур ЖЫЛҚЫШИНОВА
Тілшілер:
Гауһарай ЕСІМОВА
Раушан НАРБЕК,
Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді

- Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
- Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
- Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
- Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
- Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады. Басылым «Медиа-холдинг Елпи» ЖШС баспаханасында басылады. Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30
Индекс: 65395
Таралымы: 15383
Тапсырыс: № 1274

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ74856000000147459
БИЖ – KСJBK2KX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Астана қаласы,
Майлин көшесі, 4/1.
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,
ішкі нөмір 115
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: saksfy@mediaovd.kz